

Автомобиль және темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау, сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік қадағалау бойынша жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 23 маусымдағы № 385 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 29 маусымдағы № 192 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 шілдеде № 7089 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 739 және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 543 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.06.2015 № 739 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.07.2015 № 543 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 13-бабының 4-тармағын, 15-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес, автомобиль және темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау, сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік қадағалау бойынша жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес, автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес, темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес, сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік қадағалау бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парағының нысаны.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің

Көліктік бақылау комитеті (Ә.Н. Барменқұлов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация
министрі*

*Қазақстан Республикасының
Экономикалық даму және сауда
министрінің міндетін атқарушы*

_____ *Б. Камалиев*

_____ *М. Құсайынов*

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрінің

2011 жылғы 23 маусымдағы № 385 және

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда

министрінің міндетін атқарушысының

2011 жылғы 29 маусымдағы № 192

бірлескен бұйрығына

1-қосымша

Автомобиль және темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау, сауда мақсатында теңізде жүзу және ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік қадағалау бойынша жеке кәсіпкерлік саласында тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

1. Осы Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдер) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді.

2. Өлшемдерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: тәуекел – бұл көлік оқиғаларының, апаттардың және авариялардың нәтижесінде, оның салдарының ауырлығын есепке ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы; тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау және қадағалау жүзеге

асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде олардың филиалдары
ж ә н е ө к і л д і к т е р і .

3. Жоспарлы тексеруді өткізудің кезеңділігі тәуекел дәрежесіне байланысты:

- 1) жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - жылына бір реттен;
- 2) орташа тәуекел дәрежесі кезінде - үш жылда бір реттен;
- 3) болмашы тәуекел дәрежесі кезінде - бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділікпен айқындалады.

4. Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері екі түрге бөлінеді:

- 1) объективтік – тексерілетін субъектілердің қызметін жүзеге асыру кезінде мүмкін тәуекелдің маңыздылығына негізделген;
- 2) субъективтік – тексерілетін субъектілер жіберген бұзушылықтарға байланысты анықталады.

Субъективтік өлшемдер өрескел, елеулі, шамалы бұзушылықтардан тұрады.

5. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесі бойынша бастапқы жатқызу тек тәуекелді бағалау дәрежесінің объективтік өлшемдері негізінде жүзеге асырылады :

- 1) автомобиль көлігі саласында:
жоғары дәрежелі тәуекелге:
жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
қауіпті жүктер тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық байқау жүргізуді жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер жатады;
орташа дәрежелі тәуекелге:
ірі габаритті және ауыр салмақты жүктер тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
автостанциялар, автовокзалдарға иелік ететін тексерілетін субъектілер жатады ;

болмашы дәрежелі тәуекелге:
өзге де жүктер тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер жатады;

- 2) темір жол көлігі саласында:
жоғары дәрежелі тәуекелге:
жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
меншік құқығында немесе келісім-шарт негізінде өрт сөндіру немесе қайта қалпына келтіру поезына иелік ететін тексерілетін субъектілер;
жол ара қашықтығында қызметті жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер ;

локомотив немесе вагон депосына иелік ететін тексерілетін субъектілер жатады ;

орташа дәрежелі тәуекелге:
темір жол станциясы, вокзал, сигнал беру, байланысқа немесе электр-жабдық
ара қашықтығына иелік ететін тексерілетін субъектілер;
темір жол жылжымалы құрамын, жолдың жоғарғы құрылысын жөндеуді
жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер жатады;
болмашы дәрежелі тәуекелге:
өзге де жүктер, багаж және жүк багажы тасымалын жүзеге асыратын
тексерілетін субъектілер;
кірме жолдарға иелік ететін тексерілетін субъектілер жатады;

3) су көлігі саласында:
жоғары дәрежелі тәуекелге:
жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін субъектілер;
қызметі порттарды, айлақтарды, шлюздарды, кемежайларды, өткелдерді,
көпірлерді, затондарды, рейдтерді, кеме жүретін су жолдарын немесе
навигациялық жабдық құралдарын, шағын өлшемді кемелердің база-тұрақтарын
пайдаланумен және күтіп-ұстаумен, кемелерді жалға берумен байланысты
тексерілетін субъектілер жатады;

орташа дәрежелі тәуекелге:
кемелерді және (немесе) жүзбелі құралдарды сүйреумен және жиектеумен
айналысатын тексерілетін субъектілер жатады;
болмашы дәрежелі тәуекелге:
жүктер (қауіпті жүктен басқа) тасымалын жүзеге асыратын тексерілетін
субъектілер;

меншік құқығында немесе келісім-шарт негізінде балық кәсібіне,
қызметтік-жүріп тұруға арналған немесе арнайы мақсаттағы кемелерді
пайдаланатын тексерілетін субъектілер жатады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация
министрінің 15.05.2013 № 358 және ҚР Премьер-Министрінің бірінші
орынбасары - ҚР Өңірлік даму министрінің 17.05.2013 № 01-04-03/77 НҚ
Бірлескен бұйрығымен.**

6. Тексерілетін субъекті бір уақытта тәуекел дәрежесінің бірнеше тобына
жататын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған жағдайда, онда ол тәуекелдің
жоғары дәрежелі тобына жатады.

7. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесі бойынша қайталама жатқызу
жинаған баллдардың сомасына байланысты субъективтік өлшемдерді есепке ала
отырып жүзеге асырылады.

8. Қазақстан Республикасының көлік заңнамаларының талаптарын барлық
бұзушылықтар үш түрге бөлінеді: өрескел, елеулі және шамалы бұзушылықтар:

1) автомобиль көлігі саласында:
өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:
арнаулы, соның ішінде толығынан қолмен басқарылатын, сондай-ақ рулі оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдарын такси тасымалдары үшін пайдалану;
таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын төрттен кем есігі бар, сериялы өндірістегі жеңіл автомобильдерді пайдалануға жіберу;
жолаушыларды автобустармен, микроавтобустармен тасымалдауға жасы жиырма бірден кем, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі мен үш жыл жұмыс өтілі, соның ішінде «С» санатқа жататын көлік құралдарын басқарған бір жыл жұмыс өтілі жоқ жүргізушілерді жіберу;
жол полициясының арнайы автомобилімен алып жүрусіз ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға екі немесе одан да көп колонналы автобустарды жіберу;
ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталмаған автобустарды пайдалану;
ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға жасы жиырма бестен кем, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізуші болып жұмыс істеген 5 жылдан кем емес өтілі жоқ жүргізушіні жіберу;
жүргізушілердің белгіленген еңбек және тынығу режимін сақтамауы, оның ішінде жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін тіркеудің бақылау қондырғыларымен (тахографтармен) жабдыкталуға жататын тасымал түрлерін жүзеге асыратын автобустарда, жүк, оның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерде тахографтардың б о л м а у ы ;

тахографтармен жабдықталған автобустардың, жүк, соның ішінде қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды, жолаушылар, багаж және жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды, сондай-ақ жолаушылар мен багажды қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық облысшілік) автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын арнайы а в т о м о б и л ь д е р д і ң б о л м а у ы ;

қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын автокөлік құралының жүргізушісінде тиісті уәкілетті органның берген автокөлік құралын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша белгілі бір қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәліктің, "Қауіпті жүк тасымалы" белгісі бар қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензиялық карточканың, жол қағазында белгілеу арқылы кәсіби жүргізушілер үшін жалпы медициналық куәландырудың және рейс алдындағы медициналық байқаудың болмауы;

автомобиль жолдарында автомобиль көлігімен ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдау кезінде оған арнайы рұқсаттың және б а қ ы л а у т а л о н ы н ы ң б о л м а у ы ;

автокөлік құралының көлемдері мен массасын есепке алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары арқылы жүру үшін белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерінен асатын бөлінетін жүктерді автокөлік құралымен тасымалдау;

ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының уақыты өтіп кеткен немесе дұрыс емес ресімделген арнайы рұқсатпен жүруі;

берілген күннен бастап бір жыл аяқталғаннан кейін автокөлік құралдарын белгілі қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікті пайдалану;

қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерде тиісті санаттағы автокөлік құралын басқару құқығына куәліктің және тиісті санаттағы автокөлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілінің болмауы;

қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары тиісті тану белгілерімен жабдықталмаған;

жүргізушіде жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында қауіпті жүк тасымалын жүзеге асыруға шарттың болмауы;

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген қауіпті жүктердің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жіберілетін тасымалдаушыда әзірленген 1, 6 және 7-сыныпты қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының болмауы;

өзі мен тіркемесінің (жартылай тіркемесінің) арасындағы жалғағыш магистральдар үзіліп кеткен жағдайда автомобиль-тартқышты жұмысшы немесе авариялық тежегішпен тежеуге мүмкіндік беретін тежеу қондырғысымен жабдықталмаған автомобиль-тартқышпен тасымалдарды жүзеге асыру;

кәсіпорында жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру тетіктерінің, бақылау-өлшеу аппаратураларының, жабдықталған қызметтік үй-жайдың болмауы немесе жеке жөндеу және өндірістік базасы жоқ кәсіпорында тиісті жұмыс түрлерін орындауға өзге кәсіпорындармен келісімдерінің жоқ болуы;

автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық байқауды және жүргізушілерді рейс алдында (ауысым алдында) медициналық байқауды жүргізуге арналған қызметтер мен білікті персоналдың немесе мұндай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың болмауы;

автокөлік құралдарын жолаушыларды және тамақ өнімдерін, сондай-ақ тасымалдау кезінде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының қорытындысы талап етілетін жүктерді халықаралық тасымалдауға жіберу туралы аталған мемлекеттік органдардың қорытындысының болмауы;

тез бүлінетін азық-түлік тағамдарын тасымалдау үшін СПС куәлігі немесе белгіленген тәртіппен ресімделген санитарлық паспорттары бар мамандандырылған автокөлік құралдарының (суықсыз изотермиялық шанақтар, салқындататын шанақтар, рефрижераторлар) болмауы;

Қазақстан Республикасында тіркелген тез бүлінетін жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған көлік құралдарының уәкілетті орган ресімдеген және берген СПС куәлігінің болмауы;

өртке қарсы сигнал берумен және өртке қарсы посттармен жабдықталған газ баллонды АҚҚ сақтауға арналған ашық алаңшалардың болмауы;

қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдауы маршруттарында бір жолаушы есігі бар қалалық автобустарды (I класты), шағын автобустарды, сондай-ақ қала маңындағы автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарында қалааралық автобустарды (II класты) пайдалану;

қалааралық облысаралық және халықаралық автомобильмен тұрақты тасымалдаудың маршруттарында (маршруттардың ұзақтығы 150 километрден (бұдан әрі – км) көп болса) қалааралық (II класты) автобустардан немесе алысқа жүретін (III класты) автобустардан класы төмен автобустарды пайдалану;

тұрақты халықаралық, қалааралық облысаралық және ауданаралық (қалааралық облысшілік) автомобильмен тасымалдау маршруттарына көрсетілген тасымалдау түрін жүзеге асыру құқығына лицензиясы жоқ т а с ы м а л д а у ш ы л а р д ы ж і б е р у ;

ұзақтығы 500 км астам маршруттарда пайдаланылатын автобустарда ауыстырушы жүргізушіге арналған орынның болмауы;

таулы маршруттарда автобустарды пайдалану «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының (бұдан әрі - Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасы) 12-тармағының т а л а п т а р ы н а с ә й к е с к е л м е у і ;

жолаушыларды және багажды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустарда жедел ашылатын тиісті құралдардың б о л м а у ы ;

балалардың ұйымдастырылған топтарын автомобильмен тасымалдауға арналған автобустардың есіктері екіден кем болуы;

таксиде таксометрдің, пломбылаудың, таксометрді тексеру актісі мен с е р т и ф и к а т ы н ы ң б о л м а у ы ;

автовокзалда медициналық көмек көрсету пунктінің болмауы; автовокзалдарда (автостанцияларда) диспетчерлік пункттердің болмауы; автовокзалдарда (автостанцияларда) жолаушыларды отырғызуға және

түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған пункттердің (пункттер)
б о л м а у ы ;

автовокзалдар мен автостанцияларда жүргізушілердің демалатын қызметтік
ү й - ж а й л а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

автовокзалдар, автостанциялар немесе кассалық пункттердің сыртында
көрінеу ақпараттың; маршруттар бойынша автобустар мен микроавтобустардың
қозғалыс кестесінің (маршрут нөмірі, маршруттардың атауы; автобустар мен
микроавтобустардың жөнелу уақыты; соңғы пунктіге келу уақыты; сол
автовокзал мен автостанцияға келу уақыты және автовокзал мен автостанция
арқылы өтетіндердің (транзиттік рейстер үшін) тоқтау уақыты, кассалық пункт;
автовокзал, автостанция, кассалық пункттің жұмыс уақытының болмауы;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін навеспен; автобустар мен
микроавтобустарға отырғызуды, багажды өткізу және алуды, тәуліктің қараңғы
уақытында реквизиттерді оқуды қамтамасыз ететін отырғызу алаңқайларының
нөмірін белгілеп, автобустар мен микроавтобустарға отырғызу орындарын
көрсете отырып жарықпен; отырғызу алаңқайларын жүріс бөлігінен қоршаумен;
отырғызу және түсіру орындарына мүгедек жолаушылардың келуіне арналған
пандустармен, у р н а л а р м е н ж а б д ы қ т а м а у ;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде мүгедек жолаушыларды
отырғызуға және түсіруге арналған құрылғылардың болмауы;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері жиектемелермен
жабдықталмаған және жүру бөлігі төсемінің деңгейінен кемінде 22 см
к ө т е р і л м е г е н ;

жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты
тасымалдауды ұйымдастыру шартының болмауы;

жолаушылар мен багажды республикаішілік автомобильмен тұрақты
тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығын растайтын (Шартты
қолданудың барлық мерзіміне) куәліктің болмауы;

тасымалдаушы мен жергілікті атқарушы органдары арасында жасасқан
жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы
ш а р т т ы ң б о л м а у ы ;

балалардың ұйымдастырылған тобын тасымалдауды қамтамасыз ететін
тасымалдаушы Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының 315-
тармағының талаптарын сақтамауы;

тапсырыспен балалар тасымалын ұйымдастыру кезінде темір жол өткелдері
арқылы өтетін қозғалыс маршрутын кешенді зерттеу және келісу туралы
қ ұ ж а т т а р д ы ң б о л м а у ы ;

техникалық байқаудың стационарлық және мобильдік желілерін
пайдаланусыз міндетті техникалық байқаудан өткізу;

техникалық байқау орталығының механикалық көлік құралдарын және оларға тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін е н г і з б е у і ;

механикалық көлік құралдарының және оларға тіркемелерінің техникалық жай-күйіне сәйкес келетін параметрлерін көрсетумен техникалық байқаудың диагностикалық картасын беруі;

техникалық байқау орталықтарының жұмысын ұйымдастыру «Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 19-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

«Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін, сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысымен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасының (бұдан әрі – Техникалық байқау қағидасы) 17-тармағына сәйкес жұмысшылардың біліктілігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің міндетті техникалық байқау куәліктері бланкілерінің жұмсалуын есепке алу;

Техникалық байқау қағидасының 32-36-тармақтарына сәйкес бақылау-диагностикалық жабдықтарына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

жолаушылардың және багаждың облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және ауданішілік автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автобустар жүргізушілерінің еңбек және тынығу режимінің сақталуын (тахографтармен) тіркейтін бақылау құралдарымен жабдықтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2272 Жарлығымен ратификацияланған (КҚЕК) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдарының экипаж жұмыстарына қатысты Еуропалық келісімнің электрондық (цифрлік) тахографтарды орнату жөніндегі талаптарына сәйкес келмеуі;

«Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 тамыздағы № 923 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидасының (бұдан әрі - Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидасы) 33-тармағында белгіленген отандық тасымалдаушылардың пайдаланған шетелдік рұқсаттарын қайтару және шетелдік рұқсаттардың жоғалғаны туралы хабарламаны отандық тасымалдаушылардың

хабарлау мерзімі талаптарының сақталмауы;

Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидасының 41-тармағындағы шетел рұқсат бланкілерін отандық тасымалдаушылардың пайдалануда белгіленген талаптарының сақталмауы;

елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

шығарындыларындағы ластаушы заттардың, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі кезінде шығатын шудың деңгейі «Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын автокөлік құралдарының зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларына қойылатын талаптар туралы техникалық регламентті бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1372 қаулысымен белгіленген нормативтерден асатын автомобильдерді пайдалануға шығару;

автомобиль тартқышпен жалғағыш магистральдар үзілген жағдайда олардың автоматты түрде тоқтауын қамтамасыз ететін тежеу қондырғыларымен жабдықталмаған тіркемелерді (жартылай тіркемелерді) пайдалану;

барлық доңғалақтарына әсер ететін және автомобиль-тартқыштан ажыратылған толық массалы тіркемені (жартылай тіркемені) кемінде 16% еңісте ұстап тұруды қамтамасыз ететін тұру тежегішімен жабдықталмаған тіркемелерді (жартылай тіркемелер) пайдалану;

еңісте тоқтауға мәжбүр болған жағдайда оны қосымша орнықтыру мақсатында кемінде екі сырғуға қарсы тіреуі (әр жаққа біреуден) болмаған ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарын пайдалану;

автопоездың әрбір звеносында екі сырғуға қарсы тіреуінің болмауы;

екі жағынан артқы жақты көретін сыртқы айналармен жабдықталмаған автокөлік құралын пайдалану. Айналар автокөлік құралының және тасымалданатын жүктің көлемін ескере отырып тура да және бұрылмалы да қозғалыс кезінде жүргізушіге көлденеңінен әрі тігінен жеткілікті көруді қамтамасыз етуі тиіс;

"Автопоезд", "Ірі көлемді жүк" немесе "Ұзын өлшемді көлік құралы" деген тану белгілері жоқ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарын пайдалану;

автовокзалдар мен автостанциялардың облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен олардың Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) автовокзалдары мен автостанцияларының тізіліміне енгізілмей қызметті жүзеге асыруы;

жүктерді тасымалдау үшін автобустарды (шағын автобустарды) қайта жабдықтау;

бақылау-өткізу пункттерінде қажетті құжаттар мен құралдардың жоқтығы; жүргізушіде рұқсат құжаттары – куәліктің, маршруттар схемасының, тұрақты

жолаушылар маршруттары бойынша қызмет көрсету үшін жол парағының
б о л м а у ы ;

тамақ өнімдерін тасымалдау кезінде қарым-қатынаста болатын адамдар үшін
таза санитарлық киімнің болмауы;

нан және нан-тоқаш өнімдерін тасымалдау үшін науаларды орнатуға арналған
бағыттауыштармен жабдықталған арнайы автомобиль-фургондардың немесе нан
және нан-тоқаш өнімдерін контейнерлерде тасымалдау үшін лайықталған
автомобильдердің болмауы;

торттарды, тәтті тоқаштарды және басқа крем өнімдерін тасымалдау үшін
изотермиялық шанағы бар жүк автомобильдерінің немесе мамандандырылған
автомобиль-фургондардың болмауы;

етті шанақтарына мұнай өнімдері, басқа да иісті заттар сіңген (ластаған)
автокөлік құралдарымен немесе өзіне тән өткір иісі бар басқа өнімдермен бірге
т а с ы м а л д а у ;

сүтті, ұнды, шарапты, ликер-арақ өнімдерін, сыра және алкогольсіз
сусындарды ыдыссыз тәсілмен тасымалдау үшін арнайы
автомобиль-цистерналардың немесе сүт тағамдарын, ұнды, шарапты, ликер-арақ
өнімдерін, сыра және алкогольсіз сусындарды ыдысты тәсілмен тасымалдау үшін
автокөлік құралдары-фургондардың болмауы;

шаруашылық ауыз суын тасымалдау үшін арнайы маркерленген ыдыстардың
және жабдықталған автомобиль – цистерналардың болмауы;

сұйық бетон мен құрылыс ерітінділерін тасымалдау үшін аударғыш
автомобильдердің, ожау немесе бункер үлгісіндегі шанақтары бар
автомобильдердің, цистерналардың болмауы, сондай-ақ бетонның құрғақ
қоспаларын және құрылыс ерітінділерін ыдыстық тәсілмен қаптарда тасымалдау
үшін ернеулі платформалары бар автомобильдердің, ал ыдыссыз тәсілмен
тасымалдау кезінде - бункер үлгісіндегі шанақтары бар автомобильдер мен
автомобиль–цистерналардың болмауы;

ТҚ-1, ТҚ-2 уақтылы өтуін растайтын құжаттың болмауы;

жол қозғалысы қауіпсіздігіне, экологиялық қауіпсіздікке әсер ететін,
сондай-ақ автокөлік құралдарын белгілі бір жағдайда пайдалану кезінде едәуір
жиі туындайтын істен шығулар мен ақаулықтарды болдырмауға бағытталған
ілеспелі ағымдағы жөндеу, жоспарлы-алдын алу ағымдағы жөндеу, тапсырыстық
ағымдағы жөндеуге құжаттардың болмауы;

агрегаттар мен тораптарды КЖ қажеттілігі бойынша диагностикалау
нәтижелеріне және (немесе) әзірлеуші кәсіпорын белгілеген жөндеуаралық жүріс
нормаларына сәйкес автокөлік құралдарын күрделі жөндеу құжаттамаларының
б о л м а у ы ;

сұйытылған мұнаймен және сығылған табиғи газбен жұмыс істейтін АКҚ

жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған мамандандырылған
у ч а с к е л е р д і ң б о л м а у ы ;

халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға отандық
тасымалдаушының рұқсат беру куәлігінің болмауы;

жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға автокөлік
құралдарына рұқсат беру карточкасының болмауы;

мамандандырылған посттарда жуатын жабдықтың болмауы;

жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге
асыру кезінде пайдаланылатын автобустардың салондары, орындықтарын,
тұтқаларын, терезе шыныларын және едендерін қоса алғанда, жолға шығу
алдында міндетті түрде жуғыш және дезинфекциялағыш заттарды пайдалана
отырып күн сайын дымқылдап сүртілмеуі;

автокөлік құралдарының көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдегі
жұмысқа дайындығын растайтын құжаттардың (МК) болмауы;

ауысымаралық уақытта жолаушыларды және багажды автомобильмен
тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен таксилер тұратын
жылытылатын жабық үй-жайлардың болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда анықтама бюросының болмауы;

автовокзалдарда (автостанцияларда) анықтамалық-ақпараттық қызметінің (
дауыстап айту байланысының және ауызша анықтаманың) болмауы;

жолаушының автобустан есіктен шығуға мүмкіндігі болмаған жағдайда
автобустар мен шағын автобустар салонындағы шыныларын алып тастайтын
қ ұ р а л - с а й м а н д а р д ы ң б о л м а у ы ;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық және
халықаралық тасымалдау маршруттарында пайдаланылатын автобустар мен
шағын автобустарда багаж бөлімшелерінің болмауы;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық және
халықаралық тасымалдау маршруттарында пайдаланылатын автобустар мен
шағын автобустарда қосалқы дөңгелектің және домкраттың болмауы;

айырым белгіде «Т» (такси) деген жазу және/немесе өзіне тән шашкалық
белдеудің болуы және тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырудың болмауы;

таксидің сыртқы екі бүйірі бойынша шахматтық тәртіппен орналасқан қара
және сары шаршылардан құралған белдеуінің болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда багажды сақтау камерасының (
к а м е р а л а р ы) б о л м а у ы ;

автовокзалдар мен автостанцияларда қолданыстағы нормативтік-құқықтық
актілерге сәйкес қызметшілер мен жолаушылар үшін санитарлық-тұрмыстық
ү й - ж а й л а р д ы ң б о л м а у ы ;

жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде суық және ыстық суы бар душтың

б о л м а у ы ;

жолаушылар ағыны тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамында балаларды құндақтауға арналған орынның

б о л м а у ы ;

жолаушылар ағыны тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдардағы ана мен балаға арналған бөлменің құрамында тоңазытқыш пен электр шәйнектің

б о л м а у ы ;

жолаушылар ағыны тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамында қолжуғыш және жинау керек-жарағын сақтауға арналған орын, қолға арналған электр кептіргіш немесе бір реттік сүлгі және бала киімін кептіруге арналған шкафы бар дәретхана бөлмесінің болмауы;

автовокзал мен автостанцияның диспетчерлік пунктінің жұмысын ұйымдастыру Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының 126-128-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі;

автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган растаған маршрут бойынша қозғалыс схемалары және ол бойынша қозғалыс кестелерін, жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған тарифтерді және жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру жөніндегі р ұ қ с а т т ы ң б о л м а у ы ;

міндетті техникалық байқауды өткізу кестесін бұзу; тұрғындарды қызмет өңірінде міндетті техникалық байқау өткізудің кестесі туралы х а б а р д а р е т п е у ;

орналасқан жерінің өзгергені туралы техникалық байқау орталығының көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға жолдаған хабарламасының б о л м а у ы ;

көлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимінің, техникалық–бағдарламалық электронды (цифрлі) құрал туралы ақпаратты сақтау тәртібі «Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 493 қаулысымен бекітілген Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасының (бұдан әрі - Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру қағидасы) 35-39 тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі;

сервистік шеберхана белгісінің (таңбасы) және елдің халықаралық аббревиатурасы және KZ 000 түріндегі сервистік шеберхана нөмірінің болмауы;

сервистік орталық жұмысшыларының тахографтарды орнату, қызмет көрсету және жөндеу бойынша біліктіліктері Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру қағидасының 91-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

диаграммалық дискілерде және электронды (цифрлі) тахографтарда

акпараттар сақтау мерзімі Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру қағидасының 92-96-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі;
ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған, артқы және алдыңғы жағынан «Балаларды тасымалдау» тану белгісі жоқ автобустарды пайдалану;
автовокзалдар мен автостанцияларда ана мен балаларға арналған бөлменің
б о л м а у ы ;

шамалы бұзушылықтарға мыналар жатады:
жүктерді тасымалдау үшін арналған тауар-көліктік жүкқұжатының және жол
п а р а ғ ы н ы ң б о л м а у ы ;

үйіп тасымалданатын жүктерді бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының мекен-жайына тасымалдау кезінде әрбір сапарға салмағы көрсетілген талонның немесе өлшеу-таразылау актісінің болмауы;
қауіпсіздік техникасы мен ұзын көлемді және шомбал металл бұйымдарын тасымалдау технологиясы жөніндегі жүргізушілердің арнайы нұсқаулығының
б о л м а у ы ;

ағаш пен ағаштан жасалған бұйымдарды тасымалдау кезінде қауіпсіздік техникасы және осындай тасымалдың ерекшеліктері бойынша нұсқаудан өткен жүргізушілерді ғана жіберу рұқсатының болмауы;

мамандандырылған автомобиль-фургонның шанағының мырышталған темірмен немесе табак алюминиймен қапталуының және «АЗЫҚ-ТҮЛІК» немесе «НАН», «СҮТ» және басқалардың болмауы;

азық-түлік тауарларын тиеу және түсіру кезінде жаңбырдан және қардан қорғауға арналған қалқалардың болмауы;

өнеркәсіп тауарларын тасымалдауға арналған автокөлік құралдарымен (автокөлік құралдары–фургондармен, ал олар жоқ кезде бортты платформасы бар автокөлік құралдарымен) қоқысты, көмірді, керосинді, цементті және өзге ұқсас жүктерді т а с ы м а л д а у ;

егістіктерден астықты, сүрлем массасын сүрлеу орындарына, картоптар мен көкөністерді қоймаларға немесе сату орындарына, қант қызылшасын, картоптар мен көкөністерді қабылдау пункттеріне тасымалдау үшін шарттардың болмауы;

консервациялауға қойылған АҚҚ сақталуын қамтамасыз ететін а л а ң ш а л а р д ы ң б о л м а у ы ;

автобустарда (шағын автобустар) авариялық аялдау белгісінің болмауы;

жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау кезінде автобустарды және микроавтобустарды пайдалану Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының 14-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустарда дауыс зорайтқыш қондырғылардың болмауы;

жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) тұрақты тасымалдауда пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустарда басқарудың автоматтандырылған жүйесі (БАЖ) жұмыс істеген жағдайда желідегі жұмысты бақылау құрылғысының болмауы;

жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустардың, шағын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында маршрут нөмірі көрсетілген трафареттердің болмауы; тәуліктің қараңғы мезгілінде алдыңғы және артқы трафареттерде жарықтандырудың болмауы;

автобустар (шағын автобустар) салонының алдыңғы жағында мүгедектерге, зейнеткерлерге, жүкті әйелдерге және мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушыларға арналған орындарды көрсететін ақпараттық тақтаның болмауы; автовокзалдарда және автостанцияларда жолаушыларға арналған күту залының (залдары) болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда жол жүру құжаттарын (билеттерін), соның ішінде алдын ала сатуға, арналған кассалардың (кассалар) болмауы;

жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде күндізгі уақытта демалысты қамтамасыз етуге арналған қараңғылаушы перделердің болмауы;

қалалық (ауылдық), қала маңындағы қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде бір жолғы бақылау билетінің болмауы;

техника қауіпсіздігі жөніндегі мақсатты нұсқаулықтың болмауы; ұзақтығы 150 км астам маршруттарда пайдаланылатын автобустарда шалқаймалы арқашалары бар жұмсақ орындықтардың болмауы;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде күркелердің болмауы; жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде тәуліктің қараңғы мезгілінде автобустарға қалыпты отыру және олардан түсуді, багажды тапсыру мен алуды, деректемелерді оқуды қамтамасыз ететін жарықтың болмауы;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде отырғызу алаңының нөмірі белгіленген автобустарға, шағын автобустарға отырғызу орындары көрсеткіштерінің болмауы;

жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде жолаушыларды хабарландыруға арналған дыбыс колонкаларының болмауы;

балалар тасымалын ұйымдастыру кезінде жүргізушілердің қолы бар арнайы нұсқаулық журналының болмауы;

автовокзалдар мен автостанциялардың облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) жергілікті атқарушы органдарымен келісілген жұмыс режимі туралы құжаттарының болмауы;

автовокзалдарда автобустарды тексеруге арналған посттардың болмауы;

жолаушылар және багаж тасымалы кезінде пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустарда медициналық қобдишаның болмауы; кәсіби сипаттамалары бойынша балаларды тасымалдауға жіберілген жүргізушілердің тізімін құрастыру, көрсетілген тізім жыл сайын жаңаланбауы және тиісті бұйрықпен бекітілмеуі;

байқаудан өткізілген механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің электронды түрде есепке алуының болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда қоғамдық тамақтану пунктінің болмауы; жол-көлік оқиғасы жағдайында автобустар мен шағын автобустар салонында шыныларды сындыру және есіктерді, терезелерді, авариялық люктерді жедел ашудың тиісті құрал-саймандарының және оларға ақпараттық тақтайшалардың болмауы;

таксидің салонында жолаушылар көретіндей жерде орналасқан жүргізушінің фотосуреті бар, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген визит карточкасы, сондай-ақ тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы мен телефонының нөмірі көрсетілген ақпараттық тақтаның болмауы;

2) темір жол көлігі саласында: өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады: поездар қозғалысына байланысты қызметкерлерді кезеңдік медициналық тексеруден өткізудің, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты локомотив бригадалары мен қызметкерлерінің денсаулығын рейс алдында бақылаудың болмауы;

поездар қозғалысына байланысты қызметкерлердің қозғалыс қауіпсіздігі мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы нұсқаулықтар мен ережелерді және лауазымдық нұсқаулықтарды білу мәніне кезеңдік тексеру жүргізілмеуі; дефектоскопия мен диагностика жүйелері құралдарын жарамды жағдайда ұстамау және тиімді пайдаланбау;

"Қозғалыс қауіпсіздігі күні" тақырыбы бойынша апта сайынғы тексерулер өткізілмеуі;

анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдаумен қауіпсіздікті бақылау құрылғылары мен аспаптарының жай-күйін тексеру мен пайдалануды бекітілген график бойынша орындамау;

жүргізілетін жұмыс ерекшелігіне сәйкес техникалық жарамды аспаптармен және техникалық құралдармен қамтамасыз етпеуі;

темір жол көлігінің техникалық құралдарын пайдалану кезінде қозғалыс қауіпсіздігін сақтамау;

жылжымалы құрамда жарамды бастапқы өрт сөндіру құралының болмауы; темір жолдар, темір жол станциялары, жолаушы платформалары, сондай-ақ

поездар қозғалысына және маневр жұмыстарына байланысты темір жол көлігінің басқа да объектілерінде сигналдық қоршауларының болмауы;
жұмыс өндірісі орындарын сигнал белгілерімен қоршамай аралықтар мен станцияларда жол жұмыстарын жүргізу;
жұмыскерлерді қорғаныс құралдарын қолданбай тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруы;
жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тиеу және түсіруге байланысты, өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау нұсқаулығын өтпеген адамдарды жұмысқа жіберу;
бастапқы өрт сөндірудің толық жиынтығы жоқ, ақаулы немесе зарядталмаған өрт сөндіру қондырғылары, ақаулы өрт сигнализациясы, сонымен бірге ақаулы авариялы шығулар мен түгінді кетіру жүйелелері бар жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу;
темір жол көлігінде оның салдарынан қирауға әкеп соққан қауіпсіздік шараларын сақтамау;
темір жол көлігінде оның салдарынан аварияға әкеп соққан қауіпсіздік шараларын сақтамау;
темір жол көлігінде оның салдарынан ақаулықтың ерекше жағдайына әкеп соққан қауіпсіздік шараларын сақтамау;
темір жол көлігінде оның салдарынан ақаулық жағдайына әкеп соққан қауіпсіздік шараларын сақтамау;
темір жол көлігінде оның салдарынан жұмыстағы қиындыққа әкеп соққан қауіпсіздік шараларын сақтамау;
локомотивте және моторвагонды жылжымалы құрамда, сонымен бірге арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда ақаусыз радиобайланыстың, қозғалыс жылдамдығын бақылау құрылғысының, қозғалыс параметрін тіркеушінің, автоматты локомотив сигнализациясының болмауы;
жылжымалы құрамдағы жүктеме түсірілмеген доңғалақтарда доңғалақтар арасындағы ішкі жақтаулардың 1440 миллиметр (бұдан әрі- мм) кем немесе артық болуы;
локомотивтерде және вагондарда, сонымен бірге 120 км/сағ-тан 140 км/сағ жылдамдықпен поездарда айналатын арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда жылжымалы құрамды пайдалану кезінде доңғалақтардың ішкі жақтауларының арасында ұлғаю жағына 3 мм-ден аса және азаю жағына 1 мм-ден аса 1440 мм-ден болуы;
локомотивтерде, жолаушылар және жүк тиелмеген вагондарда рельстердің үстіңгі қалпақшасының деңгейінен автотіркегіш білігінің қашықтығы 1080 мм аса болуы;
локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында рельстердің үстіңгі қалпақшасының деңгейінен автотіркегіш білігі қашықтығының биіктігі

б о й ы н ш а 9 8 0 м м а с а б о л у ы ;

жүк (жүк тиелген) вагондарында рельстердің үстіңгі қалпақшасының деңгейінен автотіркегіш білігі қашықтығының биіктігі бойынша 950 мм аса б о л у ы ;

жүк тиелмеген күйдегі арнайы жылжымалы құрамда рельстердің үстіңгі қалпақшасының деңгейінен автотіркегіш білігі қашықтығының биіктігі бойынша 1 0 8 0 м м а с а б о л у ы ;

жүк тиелген күйдегі арнайы жылжымалы құрамда рельстердің үстіңгі қалпақшасының деңгейінен автотіркегіш білігі қашықтығының биіктігі бойынша 9 8 0 м м а с а б о л у ы ;

жүк поезында автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктік бойынша 100 м м а с а қ а ш ы қ т ы қ т ы ң б о л у ы ;

120 км/сағ жылдамдықпен жүретін жолаушылар поезындағы автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктігі 70 мм аса болуы;

жүк поезының локомотиві мен бірінші жүк тиелген вагоны арасындағы автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктік бойынша қашықтықтың 1 1 0 м м б о л у ы ;

121-160 км/сағ жылдамдықпен жүретін жолаушылар поезында автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктік бойынша қашықтықтың 5 0 м м б о л у ы ;

жолаушылар поезының локомотиві мен бірінші вагоны арасындағы автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктік бойынша қашықтықтың 1 0 0 м м б о л у ы ;

арнайы жылжымалы құрамның локомотиві мен жылжымалы бірлігінің арасындағы автотіркегіштің бойлық біліктерінің арасындағы биіктік бойынша қ а ш ы қ т ы қ т ы ң 1 0 0 м м б о л у ы ;

радиусы 349 м-ден 300 м-ге дейін кезде тік қиғаштан кем емес жолтабанның ені бойынша 1530 м м қ а ш ы қ т ы қ т ы ң б о л у ы ;

радиусы 299 м-ге дейін кезде тік қиғаштан кем емес жолтабанның ені бойынша 1535 м м қ а ш ы қ т ы қ т ы ң б о л у ы ;

рельсшпальдік тордың кешенді ауыстырылуы жүргізілмеген радиусы 650 м-ден кем емес жолдың тік және қиғаш учаскелерінде жолтабанның ені бойынша қ а ш ы қ т ы қ 1 5 2 4 м м б о л у ы ;

тік және радиусы 350 м және одан аса қиғаш жолдардың учаскелерінде рельстердің қалпақшаларының ішкі жақтаулары арасындағы жол табан енінің 1 5 2 0 м м б о л у ы ;

тарылу бойынша (-4мм), кеңеюі бойынша (+8 мм) аспауы қажет тік және қиғаш жол учаскелерінде, ал жүру жылдамдығы 50 км/сағ және одан да кем деп белгіленген және тарылу бойынша (-4 мм), кеңеюі бойынша (+10 мм)

учаскелерде жолтабан енінің атаулы өлшемдерден ауытқуының бар болуы;
жолтабан енінің 1512 мм кем және 1548 мм артық болуы;
жүккөтергіштігінен асатын жүк тиелген вагондардың жолға шығуы;
кузовтың қисаюына немесе вагонның рамасы мен кузовының жүру
бөлшектеріне соғылуына алып келетін отырып қалған рессорлары бар
вагондарды, сонымен бірге оның беттерінің үзілу қаупін төндіретін ақаулы
шатыры бар вагондарды жолға шығару;
оларды тексергенге және қозғалыс үшін жарамды деп танығанға дейін
поездарды шығару және рельстен шығып кеткен немесе қирауға тап болған
поездарда болған вагондарды жолға жіберу;
поезда ақаулы электропневматикалық тежеуіші бар жолаушылар вагонының
б о л у ы ;

поезда ақаулы электржабдығы бар жолаушылар вагонының болуы;
поезда жолаушылар поезының бастығы (механик-бригадир) мен локомотив
машинистімен ақаулы радиобайланысы бар радиокупесі (штабтық) бар
жолаушылар вагонының бар болуы;

жолаушылар поезының вагондарында жолаушылардың химиялық улануына
қауіп және бағажды, жүк бағажын (тезтұтанатын сұйықтар, газдар, жарылғыш
және улы заттар) және пошта жөнелтілімдерін тасымалдаудың қауіпсіз
жағдайына қауіп төндіруі мүмкін заттардың, нәрселердің немесе өзге
материалдар мен бұйымдардың бар болуы;

вагондарды жөндеу кезінде қолданылатын құрылымдық элементтер мен
материалдардың, сонымен қатар жану жағдайында оттың, түтіннің пайда болуын
, таралуын және әсер етуін шектеуді қамтамасыз етпейтін өртке қарсы қорғаныс
ж ү й е с і н і ң с ә й к е с с і з д і г і ;

жолаушылар поезында жолаушылар вагонының корпусына тоқтың ағуымен
в а г о н д ы п а й д а л а н у ;

осы шынжыр үшін белгіленген номиналға сәйкес келмейтін сақтандырғыш
қойылған жолаушылар вагонын пайдалану;

жолаушылар вагондарында вагондарды жасаушы зауыттың схемасымен және
нұсқаулығымен қарастырылмаған жылыту құрылғыларының және өзге электр
а с п а п т а р д ы ң б о л у ы ;

жолаушылар вагондарында электр аппараты бар қуыстарда өзге заттардың,
жылыту құрылғыларының, электржарықтың жанында жанғыш материалдың
б о л у ы ;

жолаушылар вагондарында желдеткіштің жұмыс жасамауы кезінде
электркалориферді қосуы және олардың дистанциондық термометрдің
көрсеткіші бойынша рұқсат етілген температурадан 28⁰С жоғары қызуына жол

б е р у ;

жол жүру кезінде бос розеткалармен және қорғаушы коробкалармен қорғалмаған вагонаралық электр байланыстарды (штепсель, қалпақша және өзге) п а й д а л а н у ;

ашық жылжымалы құрамда жүктерді тасымалдау кезінде (орауды және беткітуді есепке алғанда) жүк тиеудің габаритті емес болуы; қауіпті жүктерді бүлінген ыдыста немесе ашық тығынмен (қақпақпен, люкпен) т а с ы м а л д а у ;

бақылау рамасы бар жүктің тиісті біліктілігі бар жол қашықтығы жұмыскерінің алып жүруінсіз жол жүруі; бұдан бұрын қауіпті жүктер тасымалданған көлік құралдарында тамақ ө н і м д е р і н т а с ы м а л д а у ;

тасымалдау кезінде жүктің қозғалып кетуі және бүлінуі мүмкін ашық жылжымалы құрамда жүктерді орналастыру және бекіту; радиациялық фактор бойынша нормаланатын жүктерді тасымалдағаннан кейін көлік құралдарын пайдалану кезінде радиациялық бақылаудың болмауы; жолаушылар локомотивінде электрпневматикалық тежеуішті басқарудың а қа у с ы з қ о н д ы р ғ ы с ы н ы ң ж о қ т ы ғ ы ;

жүк поездарына арналған ақаулы тежеуіш магистралінің тығыздығын бақылау қондырғысы бар локомотивті пайдалану;

локомотивтерде ақаулы поезды тежеуді немесе қауіпсіздіктің кешенді локомотив қондырғысын автоматты басқару жүйесінің, сонымен бірге машинистің сергектігін бақылау жүйесінің, артқы көрініс айнасының және өзге де осындай құрылғылардың бар болуы;

моторвагонды поездарда өту бағдаршамдарына, өткелдер мен станцияларға, « жолаушы-машинист» байланысына, есіктің жабылуын бақылау сигнализациясына, автоматты өрт сигнализациясына кірме жолдар кезінде ақаулы қозғалыс жылдамдығын және сөйлеу ақпаратын бақылауды қамтамасыз ететін автожүргізу жүйесінің бар болуы;

маневрлік локомотивтерде ақаулы оларды вагондардан дистанциондық түрде ажырату құрылғысының, екінші басқару пультінің, артқы көрініс айнасының және машинисттің локомотивті жүргізу қабілеттілігі кенеттен жоғалған сәтте автоматты тоқтатуды қамтамасыз ететін құрылғысының жоқтығы;

локомотивтерде, моторвагонды поездарда және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда ақаулы автоматты локомотив сигнализациясының бар б о л у ы ;

жолаушылар вагондарында, мотовагонды жылжымалы құрамда және локомотивтерде техникалық құжаттамаға сәйкес жарықтандырудың жеткілікті жиілігін және оның ұзақтығын қамтамасыз ететін ақаулы авариялық

жарықтандыру жүйесінің бар болуы;
қызмет мерзімінің техникалық құжаттамасында көрсетілген жылжымалы құрамның доңғалақ жұбының доңғалақ, білік және бандаж төзімділігі қорының жоқтығы;

темір жол жылжымалы құрамындағы дизельдің, электр машинасының, желдеткіштің, компрессордың және өзге де жабдықтың айналатын бөлшегі қоршауының жоқтығы;

жолаушылар вагондарында және моторвагонды жылжымалы құрамда ақаулы ауаны желдету жүйесінің, поезішілік телефон байланысының, букстің қызуын бақылау жүйесінің, поезд радиобайланысының болмауы;

габарит еместің, инфрақұрылым құрылысының жақындауы және темір жолда темір жол жабдығының жақындауы болуы;

жолаушылар поездарында жолаушылар ережесін сақтамауы;
жолаушылар вагондарында қол жүгін және бағажды тасымалдау тәртібін және шартын сақтамауы;

жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру, қолдану мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмыс тәртібін сақтамауы;

тасымалдаушылардың қауіпті жүктерді тасымалдау шарттарын сақтамауы;
оларды қайта құруға дейін қазіргі кезде бар желілерде жер төсемі енінің бір жолды желілерде 5,5 м кем емес, екі жолды желілерде 9,6 м кем емес, ал бір жолды желілерде жарлы және құрғақ жерлерде 5 м кем емес, екі жолды желілерде 9,1 м кем емес болуы;

жолаушылар поездарында билетсіз жолаушылардың және ресімделмеген бағаждың, жүк-бағаждың болуы;

темір жол вокзалдарында медициналық көмек пунктісінің болмауы;
жолдарды, жасанды құрылыстарды, локомотивтерді, вагондарды, дабыл және байланыс, электр жабдықтау құрылғыларын, темір жол өтпелерін және басқа да көліктің техникалық құралдарын жөндеу және ұстау сапасын көтеру бойынша қажетті жұмыстың болмауы;

қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақаулары бар жылжымалы құрамды, соның ішінде арнайы жылжымалы құрамды (бұдан әрі - АЖҚ) пайдалануға және поездарда жүруге жіберуі;

жөндеудің жоспарлы-ескерту түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден уақтылы өтпеген жылжымалы құрамды және АҚЖ пайдалануы;

жыл сайынғы метрологиялық тексеруден, аппаратурасы өндірушінің пайдалану құжаттарына сәйкес аппаратура жоспарлы жөндеуден, мыналардан: техникалық қызмет көрсетуден кемінде жылына 1 рет, орташа жөндеуден 2 жылда кемінде 1 рет, жаңғыртудан 4-6 жылда кемінде бір рет өтпеген жол өлшеуіш және дефектоскопты аппаратурамен жабдықталған АЖҚ пайдалануы;

жұмыс істеп тұрған локомотивтерді, моторвагонды және АЖҚ, оларды пайдалана алатын қызметкердің қадағалауынсыз депо жолдарында және кәсіпорындар жолдарында, ал АЖҚ машиниссіз және жүргізушісіз немесе олардың көмекшісіз станциялық жолдарда қалдыруы;

жолаушылар локомотивінде электрпневматикалық тежегіштерді басқару құрылғыларының, жоғары вольтті жылыту үшін қуатты іріктеудің болмауы;

жүк поезының локомотивтерінде тежегіш магистральдың тығыздығын бақылау үшін құрылғылардың, аспаптардың болмауы;

жүк поездарына арналған ақаулы тежеуіш магистралінің тығыздығын бақылау қондырғысы локомотивте болмауы;

бір машинист қызмет көрсеткен кезде поезды локомотивте немесе моторвагонды поездда поездың тежелуін немесе кешенді локомотивтік қауіпсіздік құрылғысын автоматты басқару жүйесінің, сондай-ақ машинистің сергектігін бақылау жүйесінің болмауы;

бір машинист қызмет көрсеткен кезде поезды локомотивте және моторвагонды поездда автожүргізу жүйесі құрылғысының болмауы;

моторвагонды жылжымалы құрамда есіктің жабылуын бақылау сигнализацияларының және «жолаушы-машинист» байланысының болмауы;

бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивте оларды вагондардан қашықтық ажырату құрылғыларының болмауы;

бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивте басқарудың екінші пультінің болмауы;

жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық түрде қарауынсыз тартқыш жылжымалы құрам, жолаушылар вагондары және АЖҚ рұқсат етілуі;

бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивте машинистің локомотивті жүргізу қабілеттілігі кенеттен жоғалған жағдайда автоматты тоқтатуды қамтамасыз ететін құрылғының болмауы;

локомотивтердің және моторвагонды жылжымалы құрамның белгіленген қызмет мерзімін өтеген жүк және жолаушы поезына жіберілуі;

дыбыс сигналын беруге арналған аспаптың ақаулығымен локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

пневматикалық ақаулығымен локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

ең болмаса бір тартымдық электр қозғалтқышының ақаулығы немесе өшіп қалған локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

автоматты локомотивтік сигнализациясы немесе қауіпсіздік құрылғылары ақаулы локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

автотоктату немесе машинистің сергектігін тексеру құрылғылары қаулы
локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
электрпневматикалық ақаулығымен локомотивті, моторвагонды және
жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
поездық және маневрлік радиобайланысы ақаулығы, ал моторвагонды
жылжымалы құрамда – «жолаушы - машинист» байланысының ақаулығы бар
локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды жіберуі;
гидродемпферлерінің, аккумуляторлық батареясының ақаулығы бар
локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
автотіркегіш құрылғыларының ақаулығы бар, соның ішінде ағыту тұтқышы
шынжырының үзілуі немесе оның деформациясы бар локомотивті, моторвагонды
және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
күм беру жүйесінің ақаулығы бар локомотивті, моторвагонды және
жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
прожекторының, буферлік шамының, жарықтандыруының, бақылау немесе
өлшеу аспабының ақаулығы бар локомотивті, моторвагонды және жылжымалы
құрамды пайдалануға жіберуі;
қамыты, серіппелі іліністе немесе серіппесінің түпкі табанында жарығы,
серіппе табағының сынуы бар локомотивті, моторвагонды және жылжымалы
құрамды пайдалануға жіберуі;
букс корпусындағы жарық локомотивті, моторвагонды және жылжымалы
құрамды пайдалануға жіберуі;
букстық немесе моторлы – осьтік мойынтірегі ақаулы локомотивті,
моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
бөлшектердің жолға түсіп қалуынан сақтандыратын конструкцияда көзделген
құрылғының болмауы немесе оның ақаулығы бар локомотивті, моторвагонды
және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;
тартқыш тісті берілістің ең болмағанда бір ғана тісінің жарығы немесе сызаты
болған жағдайда локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды
пайдалануға шығаруға рұқсат етілуі;
жаққыш майдың ағып кетуіне әкелетін тісті беріліс қаптамасының
ақаулығымен локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды
пайдалануға шығаруға рұқсат етілуі;
жоғары вольтты камераның қорғағыш бұғаттауының ақаулығымен
локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға
шығаруға рұқсат етілуі;
ток қабылдағыштың ақаулығымен локомотивтерді, моторвагонды және
жылжымалы құрамды пайдалануға шығаруға рұқсат етілуі;
өрт сөндіру құралдарының, автоматты өрт сөндіру сигнализациясының (

локомотив конструкциясында көзделген) ақаулығы болған жағдайда
локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға
шығаруға рұқсат етілуі;

электр жабдығының қорғану қаптамаларының болмаған жағдайда
локомотивтерді, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға
шығаруға рұқсат етілуі;

локомотивті басқарудың микропроцессорлық жүйесінің ақаулығы болған
жағдайда локомотивті, моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға
шығаруға рұқсат етілуі;

қол тежегіштердің немесе сығымдағыштың ақаулығымен локомотивті,
моторвагонды және жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

поездарға электрпневматикалық тежегішінің, электр жабдықтарының, өрт
сөндіру сигнализациясының, тасымалдау жағдайларын бұзатын ауаны баптау,
желдету, жылыту жүйесінің ақаулықтары және жолаушыларды, жолаушылар
вагондарын қосуға рұқсат етілуі;

жүк тиеуге және адамдарды отырғызуға техникалық қызмет көрсетуге
ұсынылмаған вагондарды беруге рұқсат етілуі;

құрастыру және тарату станцияларында, жүру жолында поездар қозғалысы
графигінде көзделген станцияларда техникалық қызмет көрсетуді өтпестен
поезда вагонды пайдалануы;

жолаушылар вагондарындағы электр қорғау құрылғылары, өрт сөндіру
құралдары, өрт сигнализациясы және автоматика кезеңдік сынақтан өткізілуі;

қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары жөндеудің жоспарлы-ескерту
түрлерінен, техникалық қызмет көрсетуді уақытылы өткізу және пайдалану
процесінде техникалық жарамды күйде пайдалануы;

депольшы немесе күрделі жөндеуден өтпеген, жедел резервтегі қар жинағыш
және қар тазалағыш техниканы қар жинау бойынша жұмысқа жіберу;

жедел резервтегі АЖҚ-ны техникалық қарап тексермей станциядан
жөнелтілуі;

автоматты тежегіштермен жабдықталмаған арнайы өздігінен жүретін
жылжымалы құрамды пайдалануға жіберуі;

автоматты тежегіштермен жабдықталмаған жылжымалы құрамды
электрпневматикалық тежегіштермен жабдықталмаған, жолаушылар поездарын
жүргізуге арналған жолаушылар вагондарын, моторвагонды жылжымалы құрам
мен локомотивтерді жіберу;

тоқтату кранымен жабдықталмаған, адамдарды тасымалдау үшін
шаруашылық, қала маңы поездарды қосылатын жүк вагондарын жіберу;

жолаушылар поезды бастығының (механик-бригадирінің) локомотив
машинисімен радиобайланысы жұмыс істемейтін радиокупесі (штабтық) бар

жолаушылар вагондарын қосуға рұқсат етілуі;
локомотивті, жолаушылар, жүк вагондарын, моторвагонды және АЖҚ қол
тежегішінсіз пайдаланылуы;
жылжымалы құрамның және АЖҚ іліністік құрылғысыз пайдаланылуы;
жылжымалы құрамды, сонымен қоса АЖҚ егер оның доңғалақ жұбы осінің
кез-келген бөлігінде немесе оның құрсауында, дискісінде доңғалақ күпшегінде
жарығы, доңғалақ жұбының жалында сүйірленген қажағы болғанда пайдалануға
берілуі және поездармен жүруге жіберу;
қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 км-ден жоғары және сағатына 140
км-ге дейін: локомотивтердің, моторвагонды жылжымалы құрамның, жолаушы
вагондарының домалау шеңбері бойынша 5 мм-ден артық сырғанау рұқсат етілуі;
қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 км-ден жоғары және сағатына 140
км-ге дейін: жотаның биіктігі 30 мм кезінде жотаның басынан 20 мм қашықтықта
өлшеген кезде локомотивтерде, ал жотаның биіктігі 28 мм жылжымалы құрамда
- жотаның басынан 18 мм қашықтықта өлшегенде жалдың қалыңдығы 33 мм-ден
астам немесе 25 мм-ден кем болса рұқсат етілуі;
қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 км болғанда жүріп өту шеңбері
бойынша локомотивтерде, сондай-ақ моторвагонды жылжымалы құрамда және
алыс сапардағы қатынастағы поездардың жолаушы вагондарында - 7 мм-ден
астам, моторвагондық және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамда,
жергілікті және қала маңы қатынасы поездарының жолаушы вагондарында - 8
мм-ден астам, рефрижераторлық парк вагондарында және жүк вагондарында - 9
мм-ден астам болғанда рұқсат етілуі;
қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 км болғанда жотаның биіктігі 30 мм
кезінде жотаның басынан 20 мм қашықтықта өлшеген кезде локомотивтерде, ал
жотаның биіктігі 28 мм жылжымалы құрамда - жотаның басынан 18 мм
қашықтықта өлшегенде жалдың қалыңдығы 33 мм-ден астам немесе 25 мм-ден
кем болса рұқсат етілуі;
қозғалыс жылдамдықтары сағатына 120 км болғанда арнайы шаблонмен
өлшенетін жотаның тігінен қиылысуының биіктігі 18 мм - ден астам болғанда
рұқсат етілуі;
локомотивтерде, моторвагонды және АЖҚ, сондай-ақ роликтік букс
мойынтіректері және кассеталық үлгідегі мойынтіректері бар вагондарда
тереңдігі 1 мм-ден астам, ал тендерлерде 2 мм-ден астам сырғанау сырғақ (ойық)
бетінде болғанда рұқсат етілуі;
поездарда айналадағы ауытқулары ұлғаюы жағына 3 мм-ден және азаю
жағына да 1 мм-ден аспаған жағдайда жылдамдығы сағатына 160 км-ге дейінгі «
Patentes Talgo S.L.» компаниясы шығарған вагондарды пайдалану;
жотаның қалыңдығы 28 мм кем болмауы, доңғалақ құрсамасының

калындығы – кем дегенде 40 мм, домалау шеңбері бойынша сырғанауы 3 мм-ден артық болған жағдайда «Patentes Talgo S.L.» компаниясы шығарған вагондарды пайдалану;

сырғанау шеңбері бойынша доңғалақтар диаметрлерінің айырмашылығы доңғалақ жұбын шығарып қайрау кезінде – 0,5 мм артық болмайды, шығарусыз – 1 мм артық болған жағдайда «Patentes Talgo S.L.» компаниясы шығарған вагондарды пайдалану;

шектес вагондар арбашаларының арасындағы доңғалақ диаметрлерінің айырмашылығы – 5 мм артық болған жағдайда «Patentes Talgo S.L.» компаниясы шығарған вагондарды пайдалану;

құрылыстар, жабдықтар, механизм мен құралдардың «Темір жол көлігінде техникалық пайдаланымы ережесін бекіту туралы» 2013 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 87 қаулысымен қабылданған Темір жол көлігінде техникалық пайдаланымы ережесіне сәйкестігі;

бас және станциондық жолдардағы барлық қарсы бағыттамалық бұрмалардың үшкірлері мен рельс эксплуатациясы қуаттылығы мен жағдайы сәйкес келуі;

бас жолдардағы барлық қарсы бағыттамалық бұрмалардың үшкірлері алдынан бастап тепкіш білеулердің болмауы;

қисық учаскелерде басты жолдарға жаңадан бағыттамалық бұрмаларды орнатуға рұқсат ету;

бағыттамалық үшкірлердің және тартқыштары бар айқастырмалардың жылжымалы өзекшелерінің ажырауы болған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

қысылған үшкір мен рамалық рельс немесе жылжымалы өзекшемен жақтаудың арасындағы саңылау 4 мм және одан астам болған кезде бағыттама үшкірлерінің немесе айқастырманың жылжымалы өзекшесінің тұйықталуына жол берген жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

үшкірдің немесе жылжымалы өзекшені үгітілуі, бұл кезде жотаның төну қаупі туындайды, және барлық жағдайда ұзындығы: басты жолда 200 м және одан көп болуған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

үшкірдің немесе жылжымалы өзекшені үгітілуі, бұл кезде жотаның төну қаупі туындайды, және барлық жағдайда ұзындығы: қабылдау - жөнелту жолдарында 300 мм болған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

үшкірдің немесе жылжымалы өзекшені үгітілуі, бұл кезде жотаның төну қаупі туындайды, және барлық жағдайда ұзындығы: өзге станциялық жолдарда 400 мм болуған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды

п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т е т у ;

үшкір басының немесе жылжымалы өзекшенің ені үстіңгі бетінде 50 мм және одан астам болып келетін қимасында өлшенетін үшкірдің рамалық рельсінің қарсысында және жылжымалы өзекшенің жақтаудың қарсысында 2 мм - ге және одан астамға төмендеген жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

айқастырма өзекшесінің жұмыстың қыры мен жанама рельс тік қалпақшасының жұмыстық қырының арасындағы қашықтық 1472 мм-ден кем болған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т е т у ;

жанама рельс пен жақтаудың жұмыс қырлары арасындағы қашықтық 1435 мм - ден артық болған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

үшкірдің немесе рамалық рельстің омырылуы, айқастырманың (өзекшенің, жақтаудың немесе жанама рельстің) омырылған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

бір бұрандамалы ішпекте контррельстік бұрандаманың немесе қос болтты ішпекте екеуінің де ажыраған жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануға рұқсат ету;

орталықтандырылмаған бағыттамаларында поездарды қабылдау және жөнелту жүргізілетін жолдарда бақылау және қорғалатын бағыттама қ ұ л ы п т а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

орталықтандырылмаған бағыттамаларында 1-класты қауіпті жүктері (жарылғыш материалдары) бар вагондардың тұруына бөлінген жолдарда бақылау бағыттама қ ұ л ы п т а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

орталықтандырылмаған бағыттамаларында қалпына келтіру және өрт сөндіру поездарының тұруына бөлінген жолдарда бақылау бағыттама қ ұ л ы п т а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

орталықтандырылмаған бағыттамаларында сақтандырғыш және ұстағыш тұйықтарында бақылау бағыттама қ ұ л ы п т а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

орталықтандырылмаған бағыттамаларында ақауапқыш вагондардың, жол өлшегіш вагондардың, теміржол құрылыс машиналарын тоқтатып қоюға бөлінген жолдарда бақылау бағыттама қ ұ л ы п т а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

бағыттамалар және айқастырмалардың жылжымалы өзекшелері (дөңестік және сұрыптау жолдарында орналасқандардан басқа), соның ішінде орталықтандырылған және бақылау құлыптары барлары, оларды ілінбелі құлыппен жабудың мүмкіндігі болу үшін үлгі құралдармен жабдықталмауы;

темір жолдағы кірме және қосылу жолдарының қабылдау-жөнелту және басқа станциялық жолдарға қосылу жерлерінде жылжымалы құрамның өздігінен

станцияға немесе аралыққа қарай шығып кетуіне жол бермеу үшін сақтандырғыш түйықтар, қорғағыш бағыттамалар, лақтырғыш табандықтар, лақтырғыш үшкірлер немесе түсіргіш бағыттамалардың пайдалануы;

сақтандырғыш түйықтардың ұзындығы 50 м кем болғанда пайдалануы;

бір станцияның шегінде сериясы бірдей бағыттамалық бақылау құлыптарына, ал ірі станцияларда – бір бағыттамалық аудан шегінде және онымен іргелес орналасқан басқа аудандардың бағыттамалық қосындардың қолданылуы;

қалпына келтіру және өрт сөндіру поездары, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған арнайы автотрисалар мен дрезиналар тұрақты тұратын жолдарға жылжымалы құрамды қойылуы;

қозғалыс үшін қауіпті, жұмыстар жүргізілетін жерлер немесе сигналдармен қоршалғанға дейін жұмыстарға кірісуге рұқсат етілуі;

кедергі жойылғанға, жұмыстар толық аяқталғанға, жолдың, түйіспе желісінің күйі, габариттің сақталуы тексерілгенге дейін, кедергіні немесе жұмыстар жүргізілетін жерді қоршап тұрған сигналдарды алуға рұқсат етілуі;

елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

егер осындай вагондардың жол жүруі туралы ерекше нұсқаулар берілмесе габаритті емес жүктері бар поездарды шығару және платформаларды, транспортерлер мен жартылай вагондарды жіберу;

жабылмаған және бекітілмеген борттары бар поездарды шығару және платформаларды, бекітілмеген бункерлерлі бар вагондарды, тиеу-түсіру жоғарғы және төменгі құрылғысының ашық қақпақтары бар цистерналарды, хопперлерді, бидай тасушыларды және осындай жылжымалы құрамды жолға жіберу;

ашық есіктері мен люктері немесе бекіту механизмінің бір бекітпесімен жабылған люктері бар поездарды шығару және жартылай вагондарды жолға жіберу ;

ашық және есік бекітпесімен құлыпталмаған есіктері бар поездарды шығару және жабық жүк тиелмеген вагондарды, айналу дөңгелегі бойынша битумнан тазаланбаған доңғалақ жұптары бар мұнай битумын тасымалдауға арналған вагондарды жолға шығару ;

жолаушылар поезында ақаулы жылу жабдығымен вагондардың бар болуы;

жолаушылар поезында ақаулы желдеткішімен вагондардың бар болуы;

жылжымалы құрамның жолаушылар вагондарында, жолаушылардың және қызмет көрсететін персоналдың жүруі мүмкін жерлерде (бас, аяқ, дене деңгейінде) оларды жарақаттауы мүмкін құрылым және жабдық элементтерінің болуы ;

жолаушылар вагондарында пломбаланбаған тоқтату-крандардың болуы;

вагонды ақаулы электржабдығымен, жарықтандыру желісімен, қыздыру аспаптарымен пайдалану ;

үйлестіру стандарттарында немесе вагондарды жасаушы зауыттың нұсқаулығында белгіленбеген әдіспен аккумулятор батареяларын зарядтау;
жол жүру кезінде вагондарда бүркеніштерді ашу немесе стабилизаторлардың жөндеуін немесе реттеуін жүргізу;
жолаушылар вагондарында өлшеу құралдарын тиісті бақылаусыз (вольтметрдегі, амперметрдегі көрсеткіштерді) тоқпайдаланушылардың болуы;
жолаушылар вагонын ақаулы аккумулятор батареясымен пайдалану (қысқа тұйық элементтердің бар болуы, маңдайшаның немесе сымның иілмелі желісінің 20 пайызының үзілуі, сақтандырушылардың қақпақсыз немесе ашық қораптармен болуы кезінде, бүлінген немесе электрлитпен төгілген тыстың, электрлиттің тиісті тығыздығынсыз және деңгейінсіз);
габаритті емес поездарды өткізуге арналған станциялардағы жол біліктерінің арасы 4800 мм кем болуы;
авариялық жағдайларды және олардың салдарын жою үшін қажет құралдардың және мобильді бөлімшелердің (оның ішінде келісім бойынша) болмауы;
тасымалдаушылардың жолаушылар вагонының белгіленген санаттарын, оның ішінде жайлылық деңгейі бойынша сақтамауы;
жолаушыларға жолаушылар поездары мен вокзалдарында көрсетілетін міндетті қызмет тізбесін, оның ішінде жедел медициналық көмекті қоса алғанда сақтамауы;
жолаушылардың жол жүруі, төсек жабдықтарын және поездда өзге қызмет көрсету шартының өзгеру тәртібін сақтамауы;
тасымалдаушыларға багажды, жүк багажын қабылдау және беру шартын және тәртібін сақтамауы;
тасымалдау құжаттарының белгіленген нысандарын және оларды ресімдеу тәртібін сақтамауы;
тасымалдаушылардың жүк багаждарын тасымалдау тәртібін сақтамауы;
тасымалдаушылардың багажды және жүк багажын сақтау, ұстап қалу, беру тәртібін сақтамауы;
жылжымалы құрамды мемлекеттік қайта/тіркеудің жоқтығы;
кәметке толмаған балаларды алып жүру ережесін сақтамау;
халықаралық қатынаста 1520 мм жолтабанда жол жүруге арналған темір жол жылжымалы құрамына сертификаттың болуы;
жылдамдығы 60 км/сағ жолаушылар поезының жүру маршрутын өздігінен жүретін жылжымалы құрамсыз (жолөлшегіш вагон, вагон-дефектоскоп) тексеру;
электрифициктелген жолдардың үстінде орналасқан құбырларда және жаяу жүргінші көпірлерде сақтандыру қалқандарының және жоғарғы кернеулі байланыс желісінің бөлшектерін қоршау үшін адамдар өтетін жерде бірыңғай

т ө с е у д і н

ж о қ т ы ғ ы ;

жолаушылар поездарында сигналды фонарьлардың болмауы;
жүк контейнерлерінде жағымсыз иісті, ластаушы жүктерді тасымалдағаннан
кейін контейнерді, контейнердің жоғарғы жағын жуу және дезинфекциялау;
вагонның трафареттік жүккөтергіштігін бекіту реквизиттерін есепке алғанда
ж ү к м а с с а с ы н а с ы р у ;

кадрларды техникалық оқытуды және олардың біліктілігін көтеруді
ұйымдастырудың, қалыпты емес жағдайларда (жылжымалы құрамның жолдан
шығуы, соқтығысуы, авариялық жағдайдың туындауы) әрекет етудің
практикалық дағдысының болмауы;

темір жол вокзалдарында жолаушылар поездарының келу және кету уақыты
туралы қажетті және нақты ақпараттың болмауы;

локомотивтер мен моторвагонды теміржол жылжымалы құрамды (өздігінен
жүретін арнайы жылжымалы құрамды) поездардың айналым бағыттары
бойынша инфрақұрылымның поездық радиобайланыс жүйесімен үйлесетін (
инфрақұрылымда пайдаланған жағдайда) поездық радиобайланыс
құрылғыларымен, белгіленген көрсеткіштерді тіркейтін жылдамдық өлшегішпен,
автоматты локомотивтік сигнализацияның локомотивтік құрылғыларының және
қауіпсіздік құрылғыларының болмауы;

поездық локомотивтерге және моторвагондық поездарға бір машинист
қызмет көрсеткен кезде артқы көрініс айналарымен немесе басқа ұқсас
қ ұ р ы л ғ ы л а р д ы ң б о л м а у ы ;

поездық локомотивтерге және моторвагондық поездарға бір машинист
қызмет көрсеткен кезде автоматты өрт сөндіру жүйесінің және өртсөндіргіш
ж ү й е с і н і ң б о л м а у ы ;

локомотивтің және моторвагонды және жылжымалы құрамның қысқа
тұйықталу токтарынан, асқын жүктемеден және асқын кернеуден қорғау,
дизельдің авариялық тоғынын сақтандыру құрылғыларының ақаулығы,
дизельден тарсылдау, бөтен шуылдарының рұқсат етілуі;

локомотивтің және моторвагонды және жылжымалы құрамның дизельден
тарсылдау, бөтен шуыл дыбыстарының пайда болуына рұқсат етілуі;

электр жылытуды автоматты басқару жүйесінсіз электр жылытуы бар
жолаушылар поездарына қосылатын пайдалануға берілетін вагондар рұқсат ету;
тасымалданатын жүктің сақталуына кепілдік бермейтін поездға жүк
в а г о н д а р ы н ы ң қ о с ы л у ы ;

шамалы бұзушылықтарға мыналар жатады:
жаңа құрылғыларды, қауіпсіздік аспаптарын және жүйелерін жасау және
енгізу бойынша тұрақты жұмысты орындамау;
мемлекеттік көліктік бақылау органдарына қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп

төндіретін апаттың немесе апаттық жағдайдың туындауы туралы ақпаратты
у а қ ы т ы н д а ұ с ы н б а у ;

ерекше құжатпен жол жүретін вагондарды (өз білігіндегі жүк ретінде)
қоспағанда, белгіленген жөндеу түрлерін жасау туралы трафареті жоқ поездарды
шығару және вагондарды жолға жіберу;
өз өлшемі, орамы, қасиеті бойынша тасымалдаушының мүлкіне, пошта
жөнелтілімдеріне және багажға, өзге жолаушылардың жүк багажына зиян
келтіру арқылы багаж вагонына тиелетін және орналасатын заттарды және
нәрселерді багажбен, жүкбагажымен тасымалдауға қабылдау;
жолаушылар вагонында қуаттылығы схемамен және зауыт-жасаушымен
белгіленгеннен жоғары электр шамдары бар жолаушылар вагонын пайдалану;
санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтаусыз адамдарды,
жануарларды, қауіпті және аса қауіпті жүктерді тасымалдау;
ашық жылжымалы құрамда қағаздан, пергаминнен және өзге тез жанатын
материалдардан сыртқы орамы бар жүктерді тасымалдау;
пайдаланудың барлық мерзіміне темір жол жылжымалы құрамында және
оның құрамдас бөлшектерінде «Темір жол көлігінің және онымен байланысты
инфрақұрылымның қауіпсіздігіне талаптар» Техникалық регламентін бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 794
қаулысымен бекітілген «Темір жол көлігінің және онымен байланысты
инфрақұрылымның қауіпсіздігіне талаптар» Техникалық регламентте
қарастырылған қажетті сәйкестендіру және ескерту жазбалары мен
маркировкалардың, қауіпсіз пайдаланудың ерекшеліктері мен шарттары туралы
б е л г і л е р д і ң б о л м а у ы ;

тасымалдаушылардың тасымалдауға рұқсат етілген жануарларды тасымалдау
тәртібін, оларды тасымалдау шарттарын сақтамауы;
жол жүру кезінде тасымалдаушының багажды және жүк багажын беру
т ә р т і б і н с а қ т а м а у ы ;

темір жол вокзалдарында перронға шығу үшін шығару тәртібінің болмауы;
багажды тасымалдау үшін ақы төлеудің болмауы;
темір жол вокзалдарында билет және багаж кассаларының жұмыс режимі,
вокзал орын-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін
қызметтердің тізбесі туралы ақпараттардың болмауы;
бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтерінің артқы көрініс
а й н а л а р ы н ы ң б о л м а у ы ;

локомотивтерде және моторвагонды жылжымалы құрамда орнатылған
манометрлерге, сақтандырғыш клапандарға, сондай-ақ электр энергиясы мен
отынның жұмсалудың тіркейтін аппараттар мен аспаптарда пломбасының
б о л м а у ы ;

локомотивтерде және моторвагонды жылжымалы құрамда орнатылған манометрлерге, сақтандырғыш клапандарға, сондай-ақ электр энергиясы мен отынның жұмсалудың тіркейтін аппараттар мен аспаптарда пломбасының б о л м а у ы ;

3) су көлігі саласындағы:

өрескел бұзушылықтарына мыналар жатады:

осы кеме үшін белгіленген кемені дұрыс пайдалануды, жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шарттарды, нормалар мен талаптарды сақтамау арқылы кемені ақаулы техникалық жағдайда пайдалану: жүзу ауданы, жағадан алыстауы, кеме жүзуі мүмкін толқын биіктігі, суда отыруы, су үстіндегі борт, шекті қуаты және қозғалтқыштардың саны; желкендердің рұқсат етілген ауданы, жүк көтергіштігі, жолаушылар сыйымдылығы, кеменің құтқару және өртке қарсы құралдармен, сигнал беру оттарымен, навигациялық және басқа жабдықпен ж а б д ы қ т а л м а у ы ;

шағын көлемді кемелер мен сүйретпелі жүзу құралдарын шағын көлемді кеме мен сүйретпелі жүзу құралдарында отырған кеме жүргізуші мен өзге де тұлғаларға арналған тиісті өлшемдегі жеке құтқару құралдарымен жабдықтамау;

кемедегі жолаушы сыйымдылығы нормаларының сақталмауы;

жүк көтерімділік және кемеге жүкті дұрыс орналастыру нормаларының с а қ т а л м а у ы ;

кеменің жолаушы сыйымдылығы бойынша құтқару құралдарының жоқтығы;

кеме жүргізушіде кеме құжаттарының (кеме билеті) және шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлігінің жоқтығы;

шағын өлшемді кемелердің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) тіркелмеген кемелерді сақтайтын тұрақтардың болмауы;

шағын өлшемді кемелердің тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану кезінде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің жыл сайынғы техникалық байқау актісінің болмауы;

шағын өлшемді кемелердің айлақтарда және елді мекендердің шекараларында , порттарда, жағалауларда, шағын өлшемді кемелердің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) 20 км/сағаттан артық жылдамдықпен жүруі;

шағын өлшемді моторлы кемелердің жағажайларда және суға түсетін орындарда 10 км/сағаттан артық жылдамдықпен жүруі;

шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісінде кеменің жүзуге жарамдылығына жыл сайынғы техникалық куәландыру белгісі бар кеме билетінің жоқтығы;

кеме тұрағына арналған базалардың (құрылыстардың) жіберу режимін с а қ т а м а у ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркелген және ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемеді мынадай кеме

қ ұ ж а т т а р ы н ы ң

б о л м а у ы :

кеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын және кемеге меншік құқығын растайтын кеме куәлігі;

шетелдік кемеге (жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркелген кемелер үшін) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзуге уақытша құқық беру туралы куәлік;

кеменің жүзуге жарамдылығы туралы, оның сыныбы немесе сыныптау куәлігі көрсетілген куәлігі;

өздігінен жүзетін кемелер үшін кеме журналы (вахталық журнал); кеме рөлі (өздігінен жүзетін кемелер үшін) - кеме капитаны жасаған кеме экипажы мүшелерінің тізімі;

радиожурнал (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса); кеме станциясының рұқсаты (егер кемеде кеме радиостанциясы бар болса);

машина журналы (механикалық қозғағышы бар кемелер үшін); кеме кітабы (кемені қарап шығудың бірыңғай кітабы);

санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды және кемеге санитарлық паспорт; кеме мұнаймен, қалдық сулармен және қоқыспен ластануын болғызбау туралы куәлік;

кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлік; кеме құжаттарының оларға қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілмеуі;

кеменің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау үшін кеме экипажының ең аз құрамы талаптарына сәйкес келмеу;

кемінде 1,0 км-ге шектелген кезде тұтану температурасы 60 С-тан төмен, жарылғыш немесе улы зат қалдықтары бар мұнай жүкті кемелерді қоспағанда жарамды қолданыстағы радиолокатор, компас және радиостанциясымен жабдықталмаған кемелердің жүзуі;

кемемен тасымалданатын әрбір қауіпті жүк үшін мыналарды көрсету арқылы жүк жөнелтушінің кеме жүргізушісіне берген жазбаша нұсқаулықтың болмауы:

тасымалданатын жүк алып келетін қауіптің сипаттамасын, сонымен бірге оның алдын алу бойынша қабылдау керек қауіпсіздік шараларын;

адамдар тасымалданатын жүкпен немесе олардан бөлініп шыққан кез келген затпен жанасқан жағдайда қабылдау қажет шараларды және оларға көрсету қажет медициналық көмекті;

өрт жағдайында қабылдау қажет шараларды және өртті сөндіру үшін қажет өртсөндіргіш құралдарды немесе құралдар кешенін;

таралар немесе тасымалданатын жүк қираған немесе олардың өзге бүлінуі жағдайында, оның ішінде олардың ағуы немесе төгілуі жағдайы бөлігінде қабылдау қажет шараларды;

кеме жүргізушісінің кемемен тасымалданатын әрбір қауіпті жүк үшін жүк

жөнелтушінің кеме жүргізушісіне берген жазбаша нұсқаулығымен кемедегі адамдарды таныстыру фактісінің болмауы;

кемемен тасымалданатын әрбір қауіпті жүк үшін жүк жөнелтушінің кеме жүргізушісіне берген жазбаша нұсқаулығын рульдік рубкада әрбір кеме экипажының мүшесіне қолжетімді орында сақтау фактісінің болмауы;

экипаждың немесе жолсеріктің кеме экипажының ең аз құрамы туралы талаптармен белгіленгеннен кем дегенде кемеменің жүзуге шыққан күні оның экипаж санымен сүйреу шартына сәйкес сүйрелетін объектінің жинақталу тәртібін сақтамауы;

кіреберісте және траптарда тұтқалардың немесе леерлердің, ұзындығы 30 м-ден кем емес құтқару дөңгелектерінің, жарықтың, сонымен бірге траптың және кіреберістің алаңы астында тартылған сақтандыру торының болмауы;

кеменің су жолдарында навигациялық жабдықтың латеральдық жүйесінсіз қозғалған кезде навигациялық жағдайдың белгісі бойынша бағытталу арқылы кеме жол шегінде қозғалуы;

кеменің белгіленген кеме жолдарының шегінен тыс, сонымен бірге кеме жолы жабдықталмаған (кеме қозғалысы үшін жарамды болған жағдайда) су жолдарында жүзуіне уәкілетті органның келісімінің болмауы;

кеменің Қазақстан Республикасының кеме тізілімдерінің бірінде мемлекеттік тіркеуінің болмауы: Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде, кеме кітабында, бербоут-чартер тізілімінде, Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе Жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде;

Кеме экипажының мүшелерін дипломдау ережелеріне сәйкес тиісті біліктілігі бар адамдардың кеме экипажы мүшелерінің қызметтерін атқаруға рұқсаттың болмауы;

өздерінің денсаулық жағдайы бойынша осындай жұмысқа жарамдылығын куәландыратын куәліктері бар тұлғалардың кемеде жұмыс істеуге рұқсатының болмауы;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды құтқару құралдарымен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің оның кемелері ұшыраған авариялық жағдайларды тексеру кезінде көмек көрсетпеуі;

кеме капитанының, кемемені басқаруды, соның ішінде кеме жүргізуді, кемеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, кемедегі тәртіпті сақтауды, кемеге, кемедегі адамдар мен жүкке зиян келтіруді болғызбауды қамтамасыз етпеуі;

кеме капитанының егер бұл көмек өз кемесі, оның экипажы және жолаушылар үшін елеулі қауіпсіз көрсетілсе, теңізде апатқа ұшыраған адамдарға көмек көрсетпеуі;

кеме капитаны кемелер соқтығысқан жағдайда, мүмкін болған жағдайда өз кемелерінің атауларын, олар тіркелген порттарды, сондай-ақ шыққан және баратын порттарын хабарлау арқылы егер қолданылатын шаралар өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірмей жасау мүмкін болса, екінші кемені құтқару үшін тиісті шараларды қабылдамауы;

кеме капитанының кеме бортындағы адамға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда, ол көмекті кеме теңізде жүрген, жақын арадағы портқа кіруі кезінде көрсету мүмкін болмаған жағдайда шара қабылдамауы немесе кеме шетелдік портқа кірген немесе ондай адам шетелдік портқа жеткізілген жағдайда, кеме иесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне хабарлау арқылы ондай адамды ең жақын портқа жеткізу жөнінде шараларды қабылдамауы ;

кеме капитаны кемеге опат болу қаупі төнген жағдайда кемедегі жолаушылардың қауіпсіздігін және кеме құжаттары мен өзге де құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдамауы;

кеме капитаны кеменің қирау қаупі жағдайында кеме экипажының жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етуі бойынша барлық шараларды (кемені соңғы емес тастап кетуі) қабылдамауы ;

кеме капитаны кеме иесіне авариялық жағдай, кеменің не экипаждың бірінші қазақстандық портқа келуі туралы хабарламауы, үш тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді-көшірмелерді, қатысы бар куә адамдардың түсініктемелерін бермеуі. Қажет болған жағдайда өздігінен жазатын ленталарды, олардың шифрін, қосымшасымен жол картасын, маневрлеу схемасын, ақаулық схемасы мен сызбаларын, өзге қажетті құжаттарды ұсынбауы;

теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде теңіз порты капитанымен кеме құжаттарының болуына, кеменің негізгі сипаттамасының кеме құжаттарына сәйкестігіне, кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуына тексерістің болмауы;

қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензияның, есепке алу карточкасының жоқтығы ;

жүктерді тиеу және кемеде бекіту бойынша техникалық талаптарды сақтамау; кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етпеуі;

кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің кемелерді қауіпсіз пайдалануға жауапты тұлғаларды тағайындауы туралы құжаттың болмауы;

кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес кемені техникалық жарамды күйде тиісті ұстауын және кеме экипажын жасақтауын қамтамасыз етпеуі;

ішкі су жолдарында салынып жатқан жасанды құрылыстар (көпірлер, бөгеттер, айлақ құрылыстары, арналар, гидроэнергетика құрылғылары, су бетіндегі және су астындағы өту жолдары, байланыс және электр берілісінің желілері, құбырлар, су жинағыштар және басқа да гидротехникалық құрылыстар) салу мен пайдалану және оларды пайдалануға байланысты жүргізілетін жұмыстар, руда емес құрылыс материалдарын өндіру уәкілетті органның келісімінің болмауы ;

уәкілетті органмен келісімнің болмауы және ішкі су жолдарындағы құрылыстардың (оның ішінде салынып жатқан) иелері өз қаражаты есебінен навигациялық жабдықтарды, оның ішінде жүзу мен өзге де жабдықтарды орнатуы ;

уәкілетті органмен келісімнің болмауы және ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері кемелердің, салдардың және басқа да жүзбелі объектілердің кедергісіз және қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етуі;

уәкілетті органмен келісімнің болмауы ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері өз есебінен олардың кіреберістерінде қажетті су түбін тереңдету және су түбін тазалау жұмыстарын жасауы;

уәкілетті органмен келісімнің болмауы және ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері кемелердің қауіпсіз жүріп өтуі үшін қажетті құрылыстар мен құрылғыларды дайындауы, орнатуы және күтіп ұстауы;

уәкілетті органмен келісімнің болмауы және ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері көтерме көпірлер қанаттарын ашуы әрі көтеруі ;

ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық және басқа да құрылыстардың иелері тиісті шаралар қолдану үшін кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы аумақтық бөлімшелерді уақтылы хабардар етпеу;

кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің кемені кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес жүзуге дайындауды қамтамасыз етпеуі;

кеменің ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздік, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына сай болмауы;

кемеде вахталық, штурмандық, адамдарды құтқарудың жалпы кеме қызметтерін ұйымдастыру жөніндегі кеме іші құжаттамасы (жағдайы, жүргізу сапасы), соның ішінде вахталар кестесі, дабылдар бойынша кестесінің жоқтығы;

кемеде Мемлекеттік тудың, құбырда таңбаның, бортта кеме атауының (нөмірінің) және тіркеу нөмірінің, корпуста жүк маркасының болмауы және тиісті е м е с ж а ғ д а й ы ;

кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайына, құрамдарды қалыптастырудың және жолдар габариттерінің үлгілік сызбаларына сәйкессіздігі;

жолаушылар сыйымдылығының және жүк көтерімділігінің, су бетіндегі борттың биіктігі нормаларын (жүк таңбасы бойынша), кемені басқару постынан көруді қамтамасыз етуді сақтамау;

кемеде жарық, көру және дыбыс сигнализациясының жоқтығы және тиісті е м е с ж ұ м ы с ж а с а у ы ;

кемеде навигациялық, штурмандық және электр радионавигациялық аспаптардың жоқтығы және тиісті жұмыс жасамауы;

кемеде ұжымдық және жеке құтқару құралдарының, пиротехниканың, авариялық жабдықтау санының, оларды таңбалаудың, орналасуының және сақталуының белгіленген нормаларына сәйкессіздігі;

экипаждың штаттық кестеге және кеме экипажының ең аз құрамы туралы ережеге сәйкес ж а с а қ т а л м а у ы ;

командалық және қатардағы құрамда тиісті лауазымдарға орналасу құқығына дипломдарының (біліктілік куәліктерінің), дипломдарға бақылау талондарының, аттестаттау туралы анықтамаларының жоқтығы;

вахталарды атқару режимін, оқу дабылдарын өткізу және руль құрылғысы істен шыққан кезде іс-қимыл жөнінде жаттығулар жүргізудің кезеңдігін с а қ т а м а у ы ;

экипаж мүшелерінің руль құрылғысы істен шыққан кезде дабыл бойынша іс-әрекет етуді білмеуі;

кемелердің ішкі су жолдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік т у ы н с ы з ж ү з у і ;

кезекші қайықтардың оларды түсіруге және көтеруге ыңғайлы жерде бес минуттан аспайтын уақыт ішінде түсіруге тұрақты дайын жағдайда орналастыруды қамтамасыз етпеу;

құтқару және кезекші қайықтарда олардың көлемі және оларға сиятын адамдардың саны туралы анық және шайылмайтын белгілермен жазылған м ә л і м е т т і ң б о л м а у ы ;

құтқару салдары олардың бекітпесін қолмен босатып алатындай етіп орналастыруын қамтамасыз етпеу;

құтқару салдарында анық және шайылмайтын белгілермен басылған олардың көтере алатын адамдардың саны туралы мәліметтің болмауы;

теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін құтқару дөңгелектерінің жоқ болуы; кемеңің екі бортында құтқару дөңгелектерінің және мүмкіндігінше барлық

ашық палубаларда олардың оңай қол жетімділігінің жоқтығы;
құтқару дөңгелектерінің кемінде жартысында суда сөнбеуге тиіс өздігінен
тұтанатын оттардың жоқтығы;
оларды дөңгелектерге бекіту үшін қажетті құралмен бірге оларға арналған
дөңгелектерге жақын жерде өздігінен тұтанатын оттардың болмауы;
теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін құтқару кеудешесінің болмауы;
теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін олар кез келген уақытта пайдалануға дайын
болатындай құтқару кеудешесінің сақталуын қамтамасыз етпеу;
вахталық персоналдарға арналған құтқару кеудешелері вахта болу
орындарында (көпіршеде, радиорубкада және машина бөлімінде) сақтауды
қамтамасыз етпеу;
теңіз кемесі командасының әрбір мүшесі үшін гидротермокостюмнің жоқ
болуы;
теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін жылу қорғау құралының жоқ болуы;
түсіру құрылғыларының шығырлары құтқару және кезекші қайықтарды
пайдалану жүзеге асырылатын жағдайларда тростың босаңсуының туындауын
болдырмайтын автоматты жоғары жылдамдықты қатайту құрылғысының
жоқтығы;
барлық құтқару құралдары әрбір он екі айда техникалық қызметтен өтпеуі;
теңіз кемесінің палубасында орналасқан жерден не құтқару немесе кезекші
қайықтардан бір адам әрекетке келтіретін түсіріп-отырғызатын сырғымалардың
болмауы;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды)
пайдалануға жауаптылардың лауазымдық нұсқаулығының жоқтығы;
кеме жүргізушілерін және қызмет көрсететін персоналды шағын өлшемді
кеменің тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану бойынша
нұсқаулықпен таныстыру бойынша құжаттаманың жүргізілмеуі;
азаматтарды кемелерді жалға алу пункттерінің акваториясында кемені
пайдалану қауіпсіздігі шараларымен таныстыру бойынша құжаттаманы
жүргізбеу;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) база
тұрақтың су акваториясы бойынша және тиісті ауданда кемелердің қозғалу
схемасының жоқтығы;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) база
тұраққа уақытында оралмаған кемелерді іздеу және оларға көмек көрсету
бойынша іс шаралар жоспарының жоқтығы;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда)
ағымдағы тәулікке ауа райы болжамы туралы мәліметтің болмауы;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) суда

адамдармен болатын қайғылы оқиғалардың алдын алу шаралары бойынша
п л а к а т т а р д ы ң ж о қ т ы ғ ы ;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) айлақ,
пирс, кіреберіс, леерлік бағана арасында 1500 мм-ден кем емес қашықтықпен 900
мм-ден кем емес биіктікте бекітілген, су жақта сақтандыру леерлері бар
к ө п і р ш е л е р д і ң б о л м а у ы ;
шағын өлшемді кеменің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) су
айлағын дамбалармен, понтондармен, бактармен немесе жүзбелі белгілермен
қ о р ш а у ы н ы ң б о л м а у ы ;
шегінен жалға берілетін жүзу құралдарын шығаруға тыйым салынатын
кемелерді жалға беру пункттеріндегі су акваторияларының жүзбелі белгілермен
қ о р ш а у ы н ы ң ж о қ т ы ғ ы ;
тұрақты және мерзімді техникалық байқауды жүргізу мерзімдерін сақтамау;
порт құрылыстарын техникалық байқау журналының және теңіз порты
паспортының болмауы және оларды тиісінше жүргізбеу;
айлақ құрылысының қазық және шой құрылғылары техникалық жарамсыз
күйде және өз сипаттамалары бойынша айлаққа арқандалатын кемелерге сәйкес
е м е с ;
кемелер арқандармен қазық құралдарына арқандалмаған;
кордон сызығынан 2 метр ендіктің сыртында айлақ құрылғылары кордонында
ж ү к т е р д і қ а т т а п ж и н а у ;
шағын көлемді кемелердің тұрақтауына арналған базаларды (құрылыстарды)
пайдалану кезінде техникалық қарау актісінің болмауы;
елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:
қауіпті жүк, сондай-ақ екі мың тоннадан астам мөлшерде мұнай
тасымалдаушы кеме иесінде ластау үшін жауапкершілік тәуекелін
сақтандырудың немесе «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Қазақстан
Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңымен анықталатын ластаудан
болған залал үшін жауапкершілік мөлшерінде Қазақстан Республикасының
заңнамасында немесе шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын
қаржылық қамтамасыз етуінің жоқтығы;
кеменің бортында жауапкершіліктің сақтандырылуын немесе қаржымен
қамтамасыз етілуін растайтын куәліктің болмауы;
тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі шарты мен полисінің болмауы;
кеме иесінің экипаж мүшелері кемеді болған уақытта оларды қауіпсіз еңбек
жағдайларымен қамтамасыз етпеуі;
кеме иесінің экипаж мүшелері кемеді болған уақытта оларды денсаулығын
сақтаумен және медициналық көмекпен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды азық-түлікпен және сумен іркіліссіз жабдықталуын қамтамасыз етпеуі;
кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды демалу, тамақтану, емделу, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетілуі үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін үй-жайлармен қамтамасыз е т п е у і ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемеінің экипаж құрамына шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар кіру мүмкіндігі бар шарттардың сақталмауы (Сауда мақсатында қолданылатын кемелерге қатысты бұл норма 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді);

батып кеткен мүлік иесінің батып кеткен мүлік кеме қатынасының қауіпсіздігіне қауіп төндірген немесе қоршаған ортаға ластаумен шығын келтірген не биологиялық су ресурстарының кәсібін, ішкі су көлігіндегі қызметті және ішкі су жолдарының шегінде жол жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыруға кедергі келтірген жағдайда уәкілетті органның талабы бойынша белгіленген мерзімде батып кеткен мүлікті көтеруді және қажет болған жағдайда оны алып тастауды немесе жоюды орындамауы;

ішкі су жолдарымен жүктерді тасымалдау кезінде көлік құжаттамасының болмауы және дұрыс емес ресімделуі;

кеме иелерінің және (немесе) кеме жүргізушісінің кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес кеме экипажы мүшелерінің, өзге қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша оқытуларды жүргізбеуі;

кемеде штаттық кестенің және кемеіні пайдалану режимі және экипаж жұмысы туралы кеме иесі бұйрығының (немесе өзге құжаттың) болмауы;

кемеде ішкі су жолдарының навигациялық карталарының болмауы;

кемеіні сенімді басқаруға берудің Теңіз кемесінің мемлекеттік тізілімінде, Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында тіркеудің жоқтығы;

шағын өлшемді кемелердің база-тұрақтарының және су айлағына жататын аумақты жарықтандыру үшін жарық құралдарының болмауы, тиісті емес ж а й - к ү й і ;

шағын өлшемді кемеінің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) айлақтарды, пирстарды, бокстарды жарықтандыру үшін жарық құралдарының, арқандап байлау құралдарының және өртке қарсы құралдардың болмауы;

шағын өлшемді кемеінің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) арқандап байлау бөшекелерінде арқандап байлауға рұқсат етілген кемелер саны кө р с е т к і ш і н і н б о л м а у ы ;

шағын өлшемді кемеінің тұрағына арналған базаларда (құрылыстарда) жағалау аумағы қоршауының болмауы;

уәкілетті органның аумақтық органын кемемен, оның ішінде шағын өлшемді

кемемен, кеме капитанымен, кеме жүргізушісімен, кеме иесімен, гидротехникалық құрылыстың лауазымды тұлғасының көлік апаты туралы х а б а р л а м а у ы ;

жағалауды бекіткіш құрылғылардың қиябетінде кез-келген заттардың қаттап ж и н а л у д ы ң б о л у ы ;

әрбір құтқару дөңгелегінде латын әліпбиінің баспа әріптерімен басылған теңіз кемесінің атауы мен тіркелген портының жоқтығы; шамалы бұзушылықтарға мыналар жатады:

заңды тұлғаға жататын шағын өлшемді кемені жүргізушінің жанында рейске жоспар-тапсырма, жолдық (маршруттық) парақ және тасымалданатын жүк қ ұ ж а т т а р ы н ы ң ж о қ т ы ғ ы ;

шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісі қасында шағын өлшемді кемені басқару құқығына сенімхаттың болмауы;

ішкі су жолдарының кемесінде атаудың, тіркеу пунктінің, сәйкестендіру нөмірінің, шақыру сигналының және кеменің техникалық жабдықталуына байланысты серіктік байланыс станциясының сәйкестендіру нөмірінің және кеме станциясын таңдаулы шақыру нөмірінің болмауы;

Теңіз кемелерінің Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемеде өз атауының болмауы;

батып кеткен мүлік иесінің осындай кемені көтеру ниеті туралы мүлік батқан күннен бастап 1 жыл ішінде уәкілетті органды хабарламауы;

уақытша жұмыстар аяқталғаннан кейін уақытша жұмыстарды жүргізу үшін жағалау белдеуін пайдаланатын адамдардың ішкі су жолдарының жағалау белдеуінде тазалауды және жайластыруды жүргізбеуі;

ішкі су жолдарындағы жағалау белдеулерінде навигациялық жүрісті қоспағанда, кеме жүрісіне бағытталған тұрақты оттардың болмауы;

кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен шаруашылық және өзге қызметті жүзеге асыру үшін жағалау белдеуін пайдалану;

ішкі су жолдарының шегіндегі айлақта және жағалау белдеулерінде ішкі су жолдарына және жағалау белдеулеріне теріс әсер көрсететін және (немесе) оларды пайдалануды қиындататын қадағалаусыз кемелердің, құрылыстардың бар б о л у ы ;

шағын өлшемді кемелердің тұрағына арналған базалардың айлақтарында және пирстарында бірыңғай төсемдердің төзімділігіне, «сыналды» сөзі т а ң б а с ы н ы ң б о л м а у ы .

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.24 № 447 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.08.21 № 255 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен;

өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 15.05.2013 № 358 және ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - ҚР Өңірлік даму министрінің 17.05.2013 № 01-04-03/77 НҚ Бірлескен бұйрығымен.

9. Әрбір жасалған бұзушылық үшін тексерілетін субъектіге балдар беріледі:

бір өрескел бұзушылық үшін – бес балл;

бір елеулі үшін – үш балл;

бір шамалы бұзушылық үшін – бір балл.

10. Жыл қорытындысы бойынша тексерілетін субъектінің жинаған балдарының саны жинақталады. Тәуекелдің болмашы дәрежесіне он баллға дейін жинаған субъектілер жатады. Тәуекелдің орташа дәрежесіне оннан жиырма баллға дейін жинаған субъектілер жатады. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жиырма және одан жоғары балл жинаған субъектілер жатады.

11. Бір топтың ішінде бөлу мына тәртіпте жүргізіледі:

